



ПРИКАЗ

030018, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,
Ақжар 2, Қ. Мұқанбетханов, 20.
тел/факс: 8 (7132) 44-33-02

030018, Актюбинская область, город Актюбе,
Ақжар 2, Қ. Мұқанбетханов, 20.
тел/факс: 8 (7132) 44-33-02

« 31 » тамыз 2023 ж.

№ 305

2023-2024 оқу жылының сабақ
кестесін бекіту туралы

«Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 2-тарау, 33-тармақшасы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы ҚР ДСМ -76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқушылардың оқу жүктемесі, сабақтар режимі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалған білім беру ұйымдары бекітетін срежелермен айқындалатындығы қатаң ескере отырып дайындалсын.

1.1. Аталған қағиданың талаптарын ескере отырып, 2023-2024 оқу жылындағы 1-11 сыныптар сабақ кестесін құрған кезде бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушылардың ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескерілуге тиіс және осы Санитариялық қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес қиындық бойынша пәндерді саралау кестесі, жалпы білім беретін ұйымдардағы оқу жүктемесінің нормалары Санитариялық қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес болу керектігі ескерілсін.

1.2. Сабақ кестесі міндетті және вариативтік сабақтар үшін жеке жасалып, вариативтік сабақтар міндетті сабақтардың саны барынша аз күндері жоспарлансын.

1.3. 2023-2024 оқу жылының сабақ кестесі, вариативтік сабақтар, үйірмелер кестелері ата-аналар комитетінің және қамқоршылық кеңесінің төрағасымен келісіліп, мектеп басшысымен бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқужұмысы жөніндегі орынбасарлары А.Ш. Оралбаева мен С.С. Махашоваларға міндеттелсін.

Мектеп директоры **А.К. Еділмағамбетова**



Бұйрықпен таныстым

 А.Ш. Оралбаева

 С.С. Махашова